



@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oila! Brikke samğa! Álemdi sharla!

Farabi

shákirti

№10
ҚАЗАН
2025

МЕКТЕП МҮҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы,
үздік ұстаздарды марапаттады

Arorda.kz

ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт, Қазақстан Республикасының Президенті:



«Қазір білім нарығында бәсеке күшейді, көптеген жастарымыз ұстаз болуға ұмтылып жатыр. Әсіресе, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектердің арасында мұғалімдік жолын таңдағандар көп. Бұл – өте жақсы үрдіс. Мемлекет мұндай азаматтарды әрдайым қолдайды. Биыл мұғалімдер даярлау үшін 13 мыңнан астам грант бөлінді. Бұл – еліміздегі барлық гранттың бестен біріне жуығы деген сөз. Жалпы, білім беру саласында жүйелі жұмыс істеліп жатыр, нәтижесі де жақсы деп айтуға болады. Мысалы, былтырдан бері мыңнан астам оқушы

түрлі пәннен халықаралық білім сайысында жеңімпаз атанды. Бұл – ұстаздардың белсенді жұмысының жемісі, дарынды жастарымыздың табанды еңбегінің нәтижесі. Мен тамыз айында олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Ақордаға шақырып, оларға арнайы сертификаттар табыстадым. Бұл дәстүр жалғасын табады.»

(Президент алдағы
Ұстаздар күнімен құттықтауынан.)
2025 жылғы 01 қазан,
<https://akorda.kz/>

Farabi shakirti

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№10 (74) қазан 2025

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл


Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Молдахмет жырау Дабылұлының термесі

«ХАЛҚЫМА ҚАЛТҚЫСЫЗ ЕТТІМ ҚЫЗМЕТ»

«Халқыма қалтқысыз еттім қызмет
Жырладым туған елдің атырабын,
Сүйемін қасиетті топырағын.
Мен – жылға, халық – теңіз соған қарай,
Құйылып жүрегіммен жатыр ағын.
Еліме жастайымнан еттім қызмет,
Елбендеп өз әлімше жасап ізет.
Тисін деп қолғабысым ағайынға,
Ерінбей ертеңді-кеш жүрген біз ек.
Шақырса ел: «Молдахмет жырласын!» деп,
Жүгіріп екі айтқызбай келетін ек.
Қырық жыл халық алдында шырқасам да,
Еңбегім сіңбегендей әлі де көп.
«Батамен көгереді адам» деген,
«Халық айтса қалт айтпайды» соны білем,
Ығында көпшіліктің болып әркез,
Салса да қиындыққа соңына ерем.
Жемісін жұрттың еккен тынбай терем,
Жинаймын сөз мәйегін мәні терең.
Шыққан соң белді буып осы жолға,
Жазғаның пешенеге көре берем.
Жыр жырлап халық алдында создым әуен,
Алдымнан ашылады алтын сәулем.
Алғысын алып әркез жақсылардың,
Көңілім көтерілді болмай тәуен.
Мақамын ата-бабам салып кеткен,
Киелі жыраулардан қалған өткен.
Жиналған қордаланып талай ғасыр,
Жаңғырттым қазынаны тозбай жеткен.
Құйылған күн нұрындай әсерлі әуез,
Көтерді көңілін көптің шалқып әркез.
Желпініп жабырқау жан жадырады,
Құтырып уайымнан болған шәркез.
Қарттардың жастық көңілі келді қайтып,
Шырқатып жібергенде жырымды айтып.



Талайды тамсандырған қоңыр әуен,
Болды риза кемпірлер де бойы балқып.
Құйқылжып көтерілсе құстай ұшып,
Әуенім аспандағы айды құшып.
Тыңдаушым тамсанатын болып риза,
Шайына қант қосқандай ауызы тұшып.
Жастардың бойында қайнап асау қаны,
Мақамның ырғағымен кіріп жаны.
Майысып қыз-келіншек отыратын,
Атқандай ақ жырымен арай таңы.
Жырменен жадырайтын келіп шағы,
Ашылып алдарынан иран бағы.
Көңілдің кірі кетіп қуанбаса,
Қалмайтын ешбір жанның сынып сағы.
Түнімен отыратын жұрт ойын бөлмей,
Ұмытып дүниені есін білмей.
Жұмыстан шаршап келген шаруалар да,
Тыңдайтын жыр мәнерін көзін ілмей.
Қырық жыл дәл осылай келем шырқап,
Көтеріп көңілін көптің жасымнан-ақ.
Халыққа қызмет ету мұратым ед,
Ғибрат алсын деймін келер ұрпақ!»

Сурет: <https://syrbayi.kz/>



ПРЕЗИДЕНТ АЛДАҒЫ ҰСТАЗДАР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы мұғалімдердің кәсіби мерекесі елімізде ерекше аталып өтетінін жеткізіп, ұстаздар қауымына зор құрмет көрсетілетінін айтты.

– Міржақып Дулатұлы «Халыққа ең пайдалы адам – мұғалім» деген. Мұғалім – әр азамат үшін өте қадірлі тұлға. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім – әрбір балаға өмір жолын көрсетеді. Ұстаз – тәлім-тәрбие мен білімнің қайнар көзі. Кез келген қоғамның кемелдігі, өркениеттілігі ұстазға деген қатынасымен өлшенеді. Ұстазын ұлықтаған елдің ұрпағы саналы, болашағы жарқын болары хақ. Себебі әр мұғалімнің еңбегі – ерен, еліміздің дамуына қосқан үлесі – орасан. Сондықтан бүгін мен білім беру саласында еңбек етіп жүрген барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы ұлт болу үшін ең алдымен, білім-ғылымның дамуына баса мән беруіміз керек деп санайды.

– Соңғы бес жылда елімізде осы бағытта көп жұмыс істелді. Білім саласына бөлінетін қаржы үш есе артты. 1200 жаңа мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба бойынша заман талабына сай 150 білім ошағы салынды. Сондай-ақ осындай 67 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Балалардың сапалы білім алуына қажетті барлық жағдай жасалуда. Бұл деректі халық білуі керек, себебі мемлекет жас ұрпақтың біліміне және ұстаздардың жағдайына баса назар аударып жатыр.



Біз педагогтердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шараларды қолға алдық. Арнайы заң қабылдадық. Бүгінде ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаз болу нағыз білікті, дарынды, шебер маманның ғана қолынан келетінін алға тартып, мұғалімнің еңбегі соған сай лайықты бағалануға тиіс екеніне тоқталды.

– Қазір білім нарығында бәсеке күшейді, көптеген жастарымыз ұстаз болуға ұмтылып жатыр. Әсіресе, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектердің арасында мұғалімдік жолын тандағандар көп. Бұл – өте жақсы үрдіс. Мемлекет мұндай азаматтарды әрдайым қолдайды. Биыл мұғалімдер даярлау үшін 13 мыңнан астам грант бөлінді. Бұл – еліміздегі барлық гранттың бестен біріне жуығы деген сөз. Жалпы, білім беру саласында жүйелі жұмыс істеліп жатыр, нәтижесі де жақсы деп айтуға болады. Мысалы, былтырдан бері мыңнан астам оқушы түрлі пәннен халықаралық білім сайысында жеңімпаз атанды. Бұл – ұстаздардың белсенді жұмысының жемісі, дарынды жастарымыздың табанды еңбегінің нәтижесі. Мен тамыз айында олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Ақордаға шақырып, оларға арнайы сертификаттар табыстадым. Бұл дәстүр жалғасын табады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ел жастарына зор үміт артып, өскелең ұрпақтың ертеңіне үлкен сеніммен қарайтынын жеткізді.

– Қазіргідей құбылмалы заманда сапалы біліммен қатар, саналы тәрбиенің маңызы ерекше. Біз осы мәселеге баса назар аударуымыз керек. Бұл іске мемлекет те, мектеп те, отбасы да бірдей атсалысуы қажет. Биылдан бастап барлық мектептің оқыту





үдерісіне «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізіліп жатыр. Басты мақсат – жас ұрпақтың санасына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру, оларды отаншыл рухта тәрбиелеу. Қазіргі таңда бүкіл халық «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыруға қомақты үлес қосып, осы маңызды жұмысқа белсенді түрде атсалысуда. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық қозғалысы – жай науқан емес, бұл – мән-мағынасы терең, еліміздің болашағына тікелей қатысы бар жұмыс. Сондықтан мен барлық мұғалімдер қауымына осы бастамаға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын. Мұның бәрі, түптеп келгенде, ұлт сапасының мықты болуына әсер етеді. Жалпы, алда әлі де көп жұмыс бар. Мен Тамыз конференциясында білім беру ісіне қатысты бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталдым. Үкіметке нақты тапсырмалар бердім. Оқу-ағарту министрлігі барлық жұмысты уактылы әрі сапалы орындауы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент заман талабына сай дамыған, озық ел болуға үндеп, білім беру ісіндегі цифрландыру мәселесіне назар аударды.

– Цифрландыру және жасанды интеллект технологиясы – қазіргі заманның ақиқаты. Сол себепті мен биылғы халыққа Жолдауымды осы өзекті мәселеге арнадым. Цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйреткен дұрыс. Оқушылар озық технологияны оқуда тиімді пайдалана білгені жөн. Бұл – ұстаздарға да қатысты мәселе. Мұғалімдер заманауи дағдыларды жетік меңгеруі қажет. Жасанды интеллектіні білім саласында кеңінен пайдаланған абзал. Цифрлық ел болу – бір күннің шаруасы емес. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – мектептен бастап түбегейлі жаңа тәсілмен жұмыс істеу деген сөз. Сіздер, құрметті ұстаздар, осы маңызды миссияны жүзеге асыруға атсалысып, белсене жұмыс істейсіздер деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мемлекеттік саясатында «Заң және тәртіп» қағидасы үстемдік құратынын жеткізіп, оны жүйелі жүзеге асыру нәтиже бере бастағанына тоқталды.

– 2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылықтың саны екі есе қысқарды. Уәкілетті органдар бұл бағыттағы кешенді жұмысты жалғастыруы керек.

Қоғамда жоғары құқықтық мәдениет қалыптастыруда Оқу-ағарту министрлігі мен педагогтер айрықша рөл атқарады. Себебі әділдік, заң және тәртіп қағидаттары мектеп партасынан бастап орнығуы қажет. Осылай ғана біз өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп, шын мәнінде Қауіпсіз, Қуатты және Әділетті Қазақстанды құра аламыз, – деді Президент.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстазды



мемлекеттік наградамен марапаттады.

Президент қолынан мектеп мұғалімдерімен бірге колледж және жоғары оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар да марапат алды.

Іс-шарада «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Дарын» лицей-интернатының мұғалімі Мұхтар Талқанбаев пен «Школа Будущего «Әділет» балабақша-мектеп кешенінің мұғалімі Татьяна Құдайбергенова сөз сөйледі.

<https://akorda.kz/kz/prezident-aldagy-ustazdar-kunimen-kuttyktady-193145>



Димаш Нью-Йорктегі мәдениет қайраткерлерімен кездесті.

Қазақстан Республикасының Нью-Йорктегі Бас консулдығында әлемге әйгілі қазақстандық орындаушы Димаш Құдайбергеннің мәдениет саласының өкілдері, сондай-ақ АҚШ-та қазақ мәдениеті мен музыкасын белсенді насихаттап жүрген ұйымдардың өкілдерімен кездесуі өтті, — деп хабарлайды Aikyn.kz.

Іс-шара шетелде қазақстандық мәдени бастамаларды қолдау мен байланыстарды нығайту жолындағы маңызды қадам болды. Кездесу барысында Қазақстанның музыкалық және мәдени мұрасын халықаралық деңгейде танытуға бағытталған жобалар, сондай-ақ америкалық мәдени институттармен ынтымақтастықты дамыту жоспарлары талқыланды.

Кездесуде Қазақстан мен Америка арасындағы мәдени және іскерлік ынтымақтастықты дамытуға айрықша үлес қосып жүрген Солтүстік Америкадағы Қазақстан мәдени және іскерлік қауымдастығының (Kazakhstan Cultural-Business Association of North America, KCBANA)

қызметі ерекше аталып өтті. Сонымен қатар Филадельфия қаласындағы музыка профессоры Владимир Денің еңбегі жоғары бағаланды. Ол Қуат Шілдебаев, Ғазиз Жұбанов, Евгений Брусиловский секілді қазақ композиторларының шығармашылығын жүйелі түрде насихаттап, Қазақстанның мәдени бейнесін шетелде нығайтуға бағытталған жобаларды белсенді қолдап келеді.

Кездесу мәдени ұйымдар, диаспора және шығармашылық қауым өкілдерінің күш біріктіруінің маңыздылығын айқындап, мәдени дипломатия елдер арасындағы өзара сенім мен достықты нығайтуға шынайы берілген адамдардың еңбегі арқылы жүзеге асатынын тағы бір рет көрсетті.

2025 жылғы 5 қазанда Димаш Құдайберген Нью-Йорктегі әйгілі Madison Square Garden сахнасында өнер көрсетіп, осы аңызға айналған әлемдік аренада жеке концертімен шыққан тұңғыш қазақстандық болды.

<https://aikyn.kz/292079/nyu-yorkte-dimash-k-u-daybergenmen-erekshe-kezdesu-otti>

Фото: gov.kz
Маржан Омар





Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

2025 жылғы 11 қазан.

Президент Астана қаласындағы Ботаникалық саябақта ерікті және белсенді жастармен бірге ағаш екті. Жалпыұлттық іс-шара аясында биыл республика аумағында 2,4 миллионға жуық көшет отырғызылған.

Мемлекет басшысы Jasyr El ұйымының белсенділерімен әңгімелесіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрген жастарға алғыс айтты

– Баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Бұл – өте қажетті жұмыс. Еліміз бен халқымыз үшін керек іс. Сондықтан Сіздерге табыс тілеймін. Істеріңіз сәтті болсын. Ең алдымен ниетіміз таза болуы керек. Отанымыз үшін қызмет етуге тиіспіз. Jasyr El ұйымының жұмысын қолдаймын. Жұмыстарыңыз өзге жастарға өнеге, олар Сіздерден үлгі алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Президент «Нұра» ауданындағы Greenline бульварын аралап көрді.

Аумағы 3,8 гектар болатын нысандағы жұмыстың бірінші кезеңі аяқталған. Мұнда жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге арналған жолдар, сәулеттік қалыптар және жасанды тоғандар бар.

Мемлекет басшысына Астана қаласындағы абаттандыру жұмыстары жайында мәлімет берілді.

Жеңіс Қасымбек елордада қазір 170 қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру бойынша кешенді бағдарлама іске асырылып жатқанын айтты.

Бұл жұмыстар Ботаникалық бақта, Триатлон паркінде, Ататүрік, Бейбітшілік және келісім, Президент саябақтары мен қаланың негізгі көшелерінде жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар «Мыңжылдық» аллеясын абаттандырудың тұжырымдамасы жасалды. Есіл өзенінің жағалауын реконструкциялау шаралары аяқталуға жақын.

Мемлекет басшысы қала инфрақұрылымын жетілдіру, тұрғындарға заманауи әрі қолайлы, экологиялық тұрғыдан таза орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

<https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-taza-kazakstan-ekologiyalyk-akciyasyna-katysty-119497>



ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚУАНҰЛЫ ЖҰБАНОВ

(19.12.1899 - 25.02.1938 жж.)

*«Жорға немесе
желден жүйрік
тұлпарды алғашқы
аяқ алысынан-ақ
тануға болса, сол
секілді Құдайберген
Жұбановтың да бірінші
қадамдары оның кім
екенін, қоғам үшін
маңызын білдіретін
еді».*

Мұхтар Әуезов



Құдайберген Қуанұлы анкетада өзінің көрсетуі бойынша, неміс, араб, парсы, түрік, моңғол, чуваш, коми, грузин, түркі тілдерін өте жақсы білген.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов — қазақтың тұңғыш филолог-ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері, алғашқы қазақ Академиясын — КСРО ғылым Академиясының филиалын ұйымдастырушылардың бірі, Қазақ тіл білімінің ғылыми негізін және Қазақстандық кәсіби ғылымның негізін қалаған.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы 19 желтоқсанда Ақтөбе облысының Темір-Орқаш болысына қарасты Ақжар деген жерде (қазіргі Мұғалжар ауданы) Ақтөбе облысы дүниеге келген.

Ленинградтағы Енукидзе атындағы Тірі Шығыс институтын 1928 жылы аяқтап, ал, 1929-1932 жылдары сол институттың аспирантурасында оқып, бір жылдан кейін сол жерден КСРО ғылым Академиясы жанындағы Тіл және ойлау Институтының аспирантурасына ауысады. 1932 жылы аспирантурадағы оқуын «Түркі тілдері» және «Жалпы тілі білімі» мамандықтары бойынша аяқтайды.

Өзінің қысқа ғана өмірінде Құдайберген Қуанұлы Жұбанов парсы, араб, неміс, түрік, моңғол, грузин, чуваш, коми, орыс және көптеген түркі тілдерін өте жақсы білген. Кейінірек ол қытай тіліндегі ғылымның кілттері жасырылып, жапон тіліне аударылған дерек кездерін оқу үшін жапон тілін үйрене бастап, алдағы уақытта қытай

тілін оқуға мақсат қояды, алайда бұл жоспарлары жүзеге аспай қалады.

Бала кезінен нағашы атасы Тағыберген Жамашұлымен бірге «Алаш» көшбасшыларының жиналысына қатысқан Құдайберген Жұбанов олардың идеяларын терең түсініп, кейінірек өзі де «Қазақ», «Алаш», «Көсем» газеттері мен «Қызғалдақ» журналына Шекті және Қараша бала деген бүркеншік атпен мақалаларын жариялады. Ал сол кездегі жас қазақ зиялыларының жастар қолжазба журналы шығуының алғашқы бастамашысы болды. Мәселен, Електе «Тез», содан кейін Темір қаласында «Ай» журналдарын басқарды.

Еңбек жолын Құдайберген Жұбанов 1918 жылы лауазымын болыстың Совдепінің хатшысы болып бастап, одан кейін бірте-бірте білім және ғылым саласына ауысады.

Еңбек жолымен қатар Құдайберген Жұбанов ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналыса жүріп, үлкен қызығушылықпен тілдерді үйренеді, сонымен бірге психология, педагогика, логика мен рефлексология жөнінде жазған еңбектерін қызығып оқиды.

Аспирантураны аяқтап, 1932 жылдан бастап 1937 жылдың тұтқынға алынған қараша айына дейін Қазақ педагогикалық институтында профессор болады және ғылыми, педагогикалық, мемлекеттік және қоғам қызметтермен қатар Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

1933-1937 жылдар аралығында коллегия мүшесі, әдістеме, бағдарлама және оқулықтар секторының меңгерушісі, қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының төрағасы, сонымен бірге Қазақ КСР мемлекеттік терминологиялық комиссиясының төрағасы және «Мемтерминком Бюллетенінің» бас редакторы қызметтерін атқарған.

1936-1937 жылдары лингвистикалық сектордың меңгерушісі, Ғылыми Кеңестің мүшесі, КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Президиумының мүшесі, сонымен бірге «Қазақ тілінің Академиялық сөздігінің» бас редакторы болады.



1935 жылдан бастап 1937 жылға дейін Қазақстан ұлттық мәдениет институтындағы Ғылыми Кеңес мүшесі және Жаңа әліпби (латынша) бойынша Жалпыкеңестік Орталық Комитеттің мүшесі болады.

1935 жылы Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшелігіне сайланып, XVI Кеңестердің Жалпы-Ресейлік съезіне делегат болады, «Қазақстанның 15 Жылдығы» атты құрметті белгімен наградталады.

1937 жылдың 19 қарашасында «халық жауы» деген жаламен тұтқындалып, 1938 жылдың 25

ақпанында – Қазақстанның белгілі мемлекеттік және қоғам қайраткерлерін жаппай арудың ең бірінші күні-ақ атылған.

1957 жылдың қазанының 3 күні еш қылмысы болмағандықтан ақталған.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ МЕН МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасы теориялық және практикалық көлемді мәселелерді қамтиды, олардың көпшілігі әлі де болса Қазақстан ғылымы алдында шешімін күтіп тұр. Қазақ тіл білімінің тарихында қазақ тілі, әдебиеттану, педагогика бойынша оны алғашқы монографиялық еңбектердің авторы ретінде мойындайды. Құдайберген Жұбанов еңбектері үшін түркі тілдерінің мәселесінде зерттеудің салыстырмалы тарихи әдісі тән.

Құдайберген Жұбанов – қазақ орта мектептерінің 5-7-кластарына арнап жазылған алғашқы оқулықтардың бірі, Қазақ тілі грамматикасын кеңес академик-түркологы С.Е.Маловтың бағалауынша, сол кездегі латын әліпбиіне негізделген қазақ әліппесінің үздік жобасының, сонымен қатар Қазақ тіл білімі мен Қазақ мәдениетін дамыту мәселелері бойынша көптеген практикалық әзірлемелердің авторы болды.

Құдайберген Жұбановтың ғылыми идеялары қазіргі ұрпақтың қазақ тілі, әдебиет, философия, педагогика және психология жөніндегі зерттеу істеріне, ондаған ғылыми монографияларға, кандидаттық, магистрлік және докторлық диссертациялық зерттеулерге, сондай-ақ ғылыми мақалалар мен баяндамаларға, гуманитарлық мамандықтардың арнаулы курстарына, сонымен бірге «Жұбанов тағлымы» ғылыми конференциясына негіз болды.

<https://library.arsu.kz/>
**Қ.Жұбанов атындағы өңірлік
Университетінің кітапханасы.
Ақтөбе қаласы**

ҰСТАЗ БОЛУ – АТАЛАР АМАНАТЫ



«Ұстаздар әулеті» байқауына қатысушы Алматы қаласы, Алатау ауданы И.Қ. Мандоки атындағы №154 ЖББ мектептің тарих пәнінің мұғалімі Жорахан Думан Нұржанұлы туралы айтып өтсем деймін. Жорахандар әулетінің ұстаздық жолы XX ғасырдың басында басталып, 100 жылдан – 1 ғасырдан асты. Бүгінде әулеттің ұлдары мен келіндерінің, қыздарының жалпы ұстаздық өтіліне тоқталсақ, екі ғасырға жуықтайды.

Думан Нұржанұлы 11 – сәуір 1984 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Талап ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1998-2001 жылдары Алматы облысындағы Экономика және құқық колледжінде «Заңгер» мамандығы, 2001-2005 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Тарих факультетінде «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша білім алған. 2005-2007 жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінде білім алып, «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша Магистр атанды.

Дана Абай атамyzдың: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген даналығына сүйенген Думан Нұржанұлы мектепте бала оқытуды таңдады. Аз уақыттың ішінде бала оқытуға деген жастық күш-жігерін жұмсап келеді. Жаңашыл ұстаз. Шәкіртке тарих пәнінен сабақ беруде жаңа бағдарламаларды меңгеріп, оқушыларының жеке қабілетін дамытып, шығармашылдыққа баулып, төл тарихымызды оқытуда айтарлықтай тәжірибе жинағанын байқатты. Өз тарихын білмеген адамның бүгінін ойлап, ертеңге қадам жасауы қиын. Осы тұрғыдан алғанда, Д. Жораханның іскерлігі өз алдына, кәсіби біліктілігін жетілдіріп келе жатқан үлгілі ісін де атап айтуға лайық.

Думанның үлкен атасы, ұстаз Сейдахмет Ысқақовтың есімі XX – ғасырда Жетісу губерниясында өте танымал болған. Ауылда



алғаш оншақты мектеп ашып, бала оқытқан ұстаз, өз елінің бүгінгі ұрпағына өнеге қалдырған есімі естен кетпес тұлға екенін Жамбыл ауданы халқы ілтипатпен еске алады. 1920 - 1947 жылдар аралығында қаншама шәкіртке білім беріп, алтын ұядан қанат қақтырған. Сол жастардың арасынан болашақ мұғалім дайындауға үлес қосқан. Қаншама жас ұстаздарға өнегесін үйреткен аудандағы тұңғыш ұстаздардың бірегейі.

Екінші буын: Ысқақов Жорахан Сейдахметұлы (1929-2005 ж.ж.). Түргендегі мұғалімдер даярлайтын училищені бітіріп, Талап ауылындағы орта мектепте табан аудармай 42 жыл бойы ұстаздық қызмет атқарып, бастауыш сынып мұғалімі болған. Жорахан Сейдахметұлы өзінің ұстаздық қызметі кезінде Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігінің «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен,



КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Еңбек ардагері», ҚР Президентінің жарлығы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің елу жылдығы» мерекелік медаліне және марапатқа ие болған.

Сонымен қатар Жорахан Сейдахметұлының келіндері Сара Саттарқызы, Исакова Маржан Жазылбекқызы, Сәуле Әбікенқызы да ұстаздық жолда еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан талап ауылының ардақтылары. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұстаздық жол – әр әулеттің абыройы. Бұл әулет – нағыз халық ағартушыларының өнегелі мектебі. Ысқақовтар әулетінің ұстаздық жолы бірнеше ұрпақ бұрын басталған. Алғаш мұғалім болған арғы аталары Сейдахмет Ысқақов ауыл балаларына хат танытып, сегіз мектеп ашып оқу-білімге жетелеген екен. Сол күннен бастап мұғалімдік бұл әулет үшін тек кәсіп емес, өмірлік міндетке айналды. Ең алдымен, білімнің құндылығын терең түсіну. «Халықтың болашағы - ұрпаққа аманат болып жетті. Әулет үшін ең бастысы – шәкіртке шынайы қамқор болу, білімді өмірмен ұштастыра үйрету және адалдықты дәріптеу.

Жорахандар – нағыз ұстаздар әулеті. Оған мына төмендегі деректер арқылы көз жеткіземіз. Думан Нұржанұлының ата-анасы Ысқақов Нұржан Жораханұлы мен Ысқақова Бибігүл Аспандиярқызы Талап ауылындағы Сұраншы батыр атындағы мектепте ұзақ жылдар бала оқытқан ардақты ұстаз. Әкесі 1983 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың денешынықтыру институтын (КазИФК) аяқтағаннан кейін Талап ауылындағы орта мектепте Дене шынықтыру пәнінен сабақ беріп, зейнеткерлікке шыққан. Ысқақов Нұржан Жораханұлы – «ҚР Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің, «ҚР денешынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Батыр шапағаты» медальдарының иегері. Ысқақова Бибігүл Аспандиярқызы – ҚР Білім және

ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен, «ҚР денешынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Думанның қарындасы Арайлым да ұстаздық жолды таңдаған. Қазіргі кезде Алматы қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебінде» мұғалім-психолог болып қызмет атқарады. Інісі Елдар да әке-шешесінің жолын қуып, 2019 жылы «Қазақ спорт және туризм академиясын» бітіріп, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Думан Нұржанұлының келіні Айнұр да орыс тілі мен әдебиетінің пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді.

Ұстаздар әулетінің келіні Исакова Маржан Жазылбекқызы да бар ғұмырын бала оқытып, мектепке арнаған жан. Ол 1957 жылы Қастек ауылында дүниеге келген. 1972-1976 жылдары Есік педагогика училищесін бастауыш сынып мұғалімі, 1977-1982 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің математика пәні мұғалімі мамандығымен білім алған. 1976 жылы Қастек сегіз жылдық мектебінде мұғалім болып қызмет жолын бастаған. 1977 жылы Амангелді сегіз жылдық мектебіне мұғалім болып ауысты. Содан зейнетке шыққанша осы мектепте қызмет атқарды. «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Әулетпен сұхбаттасу барысында аңғарғаным – ұстаздық оларға ата кәсіп ғана емес, ұрпақ тәрбиесінің ұлы жолы. Мұндай мерейлі әулет – қоғам үшін үлкен байлық. Олардың атадан келе жатқан өнегелі әңгімесі жастарға да, болашақ мұғалімдерге де бағыт-бағдар болары сөзсіз. Сейдахмет Ысқақұлы бастаған Ысқақовтар әулетінің ұстаздық жолы әлі де ұрпақтарымен жалғаса бермек.

АЛМАСБАЕВА Қаламқас Қалиқызы

Алматы қаласы, Алатау ауданы

Иштван Қоңыр Мандоки атындағы

№154 жалпы білім беретін мектеп директоры



Қазақстан Халықаралық TurkicSkills-2025 чемпионатында 6 алтын медаль жеңіп алды

I Халықаралық TurkicSkills-2025 кәсіби шеберлік чемпионаты өз мәресіне жетті. Қазақстан құрамасы жарыстың басты жеңімпазы атанып, түркі елдері арасында техникалық және кәсіптік маман даярлауда көшбасшы екенін дәлелдеді.

Еліміздің жүлде қоржыны 6 алтын, 2 күміс медаль және 1 «Үздік медальонмен» толықты. Бұл жеңіс Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясындағы реформалардың нәтижелі жүзеге асып жатқанын айғақтайды.

Естеріңізге сала кетейік, 4-9 қазан аралығында Ақтау қаласында Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткен TurkicSkills-2025 чемпионатына Түркия, Әзербайжан, Мажарстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстаннан 70-ке жуық колледж студенттері мен жас маман қатысты. Олар инженерия, ақпараттық технологиялар, өндіріс, робототехника және қызмет көрсету салаларын қамтитын 10 құзыреттілік бойынша бақ сынады.

Жарыстың жабылу рәсімінде сөз сөйлеген ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Асылбек Ахметжанов бұл чемпионаттың түркітілдес мемлекеттердің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында Қазақстанның бастамасымен алғаш рет ауқымды түрде ұйымдастырылғанын атап өтті.

«TurkicSkills чемпионаты – түркітілдес мемлекеттер арасындағы техникалық және кәсіптік ұйымдар ынтымақтастығының жаңа кезеңіне жол ашатын маңызды шара. Бұл күндер достық пен өзара түсіністіктің, ынтымақтастық пен тәжірибе алмасудың жарқын үлгісіне айналды», - деп атап өтті вице-министр.

WorldSkills International кеңесінің мүшесі Рэй Инглиш Қазақстанның халықаралық деңгейдегі әлеуетін ерекше атап өтті.

«Чемпионатының ауқымы мен ұйымдастырылу сапасы – Қазақстанның әлемдік деңгейдегі кәсіби шеберлік сайыстарын өткізуге толық дайын екенін көрсетеді. Бұл тәжірибе болашақта WorldSkills немесе WorldSkills Europe сияқты халықаралық жарыстарды қабылдауға мүмкіндік береді», – деді ол. Чемпионатты тамашалауға 5 мыңнан астам адам келді, колледждер мен кәсіпорындар арасында 100-ге жуық ынтымақтастық меморандумы жасалды.

ОАМ Баспасөз қызметінен алынды



Ұстаз – ұлы тұлға

Адам баласының өмір жолында ерекше орын алатын, жүрек төрінен мәңгі орын табатын бір қасиетті жан бар. Ол – ұстаз. Ұстаз – өмірдің шамшырағы, білімнің бастауы, рухани тәрбиенің көзі. Ұстазсыз адам болмайды, ал адамсыз қоғам дамымайды. Сондықтан да ұстаздық – барша кәсіптің анасы, ең мәртебелі мамандық.

Ұстаз болу – екінші бірінің қолынан келе бермейтін қасиет. Бұл жолда төзім де, сабыр да, ізгі ниет те, үлкен жауапкершілік те қажет. Күн сайын жүздеген баланың мінезін танып, әрқайсысына ерекше көңіл бөлу оңай іс емес. Бірақ ұстаздың жүрегі кең, мейірімі шексіз. Ол әр шәкіртін өз баласындай көріп, әр жетістігіне қуанады, әр сәтсіздігіне бірге күйінеді.

Бүгінгі заманда ұстаздың рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Ғылым мен техника дамып, ақпарат ағымы толассыз заманда шәкірттің рухани әлемі мен адамгершілік тәрбиесі екінші орынға ысырылып бара жатқандай. Осындай уақытта ұстаз – қоғамның ең сенімді тірегі. Себебі ол жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, тіл мен ділді сіңіретін тұлға. Ұстаз – қоғамның айнасы. Оның сөзі, жүріс-тұрысы, киім киісі, тіпті көзқарасының өзі шәкіртке үлгі.

Ұлы Абай “Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан” деген. Бұл сөздің мәні терең. Нағыз ұстаз шәкіртін біліммен ғана емес, өнегесімен тәрбиелейді. Ол әр баланың ішкі әлемін танып, бойындағы қабілетті оятады. Кішкентай ғана баланың “менің қолымнан келеді” деген сенімін қалыптастыру – үлкен еңбек. Сондықтан ұстаздың еңбегі көзге көрінбегенімен, оның нәтижесі – қоғамның болашағы.

Біздің өмірімізде әрқайсымыздың жүрегімізде сақталған ұстаз бейнесі бар. Ол – бізге алғаш әріпті үйреткен, қолымыздан жетектеп мектеп табалдырығын аттатқызып ұстаз. Ол – қиын сәтте демеу болып, “сенің қолыңнан бәрі келеді” деген бір ауыз сөзімен өмірімізге бағыт берген ұстаз. Осындай жандардың алдында бас иіп, алғыс айту – әр адамның парызы. Қазіргі таңда елімізде ұстаз беделін арттыру, олардың еңбегін бағалау – маңызды мәселе. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатқаны қуантады. Алайда ең үлкен марапат – шәкіртінің құрметі, елдің ықыласы. “Ұстаздың аты биік, еңбегі ұлы” деген сөз де бекер айтылмаған. Себебі ұстаздың тәрбиесін көрген ұрпақ – елдің ертеңі, ұлттың болашағы.

Ұстаздық жол – мәңгілік мамандық. Ғасырлар өтсе де, технология дамыса да, адам баласына бағыт беретін, рухани



күш сыйлайтын ұстаз еңбегі ешқашан маңызын жоймайды. Бүгінгі шәкірт – ертеңгі азамат. Ал сол азаматтың жүрегінде білімге, еңбекке, Отанға деген сүйіспеншілік отын жаққан – ұстаз. Сондықтан ұстаз – жай ғана маман емес, ол – ұлттың рухани сәулетшісі, қоғамның тәрбиешісі, адамзаттың мәңгілік шамшырағы.

Мен өзім білім нәрін, өмірлік тәлімді Бағаев ұстаздарынан алудамын. Бұл ұстаздар – сабыр мен талаптың, еңбек пен мейірімнің үлгісі. Олар бізге біліммен қоса, адамдық пен жауапкершілікті үйретті. Әрқайсысы жүрек жылуын аямай, шәкірттің көзіндегі ұшқынды отқа айналдыра білді.

Сондықтан осы ұстаздар күні қарсаңында, менің барша мектебімнің ұстаздарыма шексіз алғысымды білдіремін!

Сіздердің әр күніңіз – сабыр мен еңбектің, әр сөзіңіз – даналықтың көрінісі. Біз сіздерден үйренген білім мен өнеге – өміріміздің шамшырағы болып қала береді. Сіздерге мықты денсаулық, сарқылмас шабыт, шәкірттердің риясыз алғысын тілеймін!

Ұ.Бағаев мектебі ұстаздарының еңбегі – ұрпақ жадында мәңгі!

Ұстаз болу – ұлы жауапкершілік. Ұстаздық жолды таңдаған адам өз өмірін өзгелердің бақытына, білім мен ізгілік таратуға арнайды. Ұстаз – ұлттың тірегі, елдің болашағын тәрбиелеуші тұлға. Сондықтан әрбіріміз “Ұстаз – ұлы тұлға” деген сөздің салмағын сезініп, өмірімізде өз ұстаздарымызды қадірлей білейік.

Айзат БАҚБЕРГЕН,
Ұ.Бағаев атындағы орта мектептің
11 сынып оқушысы.

Алматы облысы, Кеген ауданы, Алғабас ауылы

Қазақ анимациялық мультфильмі арқылы бала өз әлемін тапса дейміз

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы» акционерлік қоғамы «Қазақанимация» ЖШС көркемдік жетекшісі Өтепбергенов Серікбол Ментайұлымен сұхбат.

— Серікбол аға, аниматор қандай адам болуы керек?

— Аниматор болып, балаларға арналған мультфильм түсіру үшін бала болып қиялдай білуі керек. Жандүниесімен бала әлеміне сүңгіп барып, баланың көңілінен шығатын, баланы тәрбиелейтін, оның жүрегіне мейірімділік шапағатын себе алатын мультфильм жасап шығаратын адам —

жасаушы. 200-ден астам персонаждың атасы.

— Мультфильм шығару идеясы қалай пайда болды? Бала күнгі арманыңыз ба еді?

— Шығармашылық адамы үшін ең алдымен идея келеді. Оны әбден пісіріп-жетілдіру қажет. Содан кейін ойыңмен әріптестеріңмен бөлісесің. Мысалы, анимациялық мультфильм шығару — ұжымдық жұмыс. Идеяны талқылап, әркім маман өзінің пікірін айтқан соң идеяны жүзеге асыру басталады. Идея болмаса, ешнәрсе алға жылжымайды. Талқылау барысында сценарий жазылады. Мультфильм кейіпкерлерін сөйлететін актер жұмыс істейді. Ой мен идеяның жемісі — өздерің экран, әлеуметтік каналдар арқылы көріп жүрген мультфильмдерің көрерменге көрсетіледі.

— Көркем фильм түсірген оңай ма, әлде мультфильм дайындап шығару ма?

— Жұмыстың оңайы болмайды. Киноның да, анименің өз жауапкершіліктері, орындалатын талаптары болады. Адам мақсатына жету үшін көп еңбектенуі керек. Міне, сендер де еңбектеніп, ұстаздарың жетекшілігімен ғылыми жоба жұмысымен айналысудасындар. Яғни, еңбектеніп жатырсындар. Еліміздегі «Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы» акционерлік қоғамы - көркем фильм, деректі фильм, мультипликациялық фильмдер шығаратын Қазақстанның ең ірі киностудиясында орналасқан «Қазақанимация» ЖШС кеңсесінде анименің қалай жасалатынымен танысып отырсындар.



аниматор бола алады. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмі таныс па, сендерге? Иә, бұл мультфильмді көрмейтін бала кемде-кем. Сол еліміздегі тұңғыш анимациялық мультфильмнің атасы деп, Өмен Қайдар аталарыңның арналған арнайы студия қабырғасының жанында жанында суретке түстік.

Айталық, сендердей балаларды айтпағанда, ата-аналар да ұл-қыздарымен Уолт Дисней мультфильмдерін үзбей көреді. Әлемдегі бүкіл балалар жақсы көретін «Walt Disney Company» студиясы Микки Маус, Қоян Освальд, Дональд көп сериялы мультфильмдерді білесіңдер ме? «Үйректер оқиғасы» («Утиные истории»), «Бэмби» («Бэмби»), «София ханшайым» («София прекрасная»), басқа да көптеген балалардың сүйікті мультфильмдерінің авторы - Уолт Дисней атақты америкалық суретші-мультипликатор, аты әлемге танылған режиссер, актер, сценарист әрі продюсер, толық метражды мультфильмдердің толық сериясын





Кинода режиссер де, ролді ойнайтын актерлер де түсіретін киноның тақырыбына қарай табиғат аясында, кеңселерде, жолда жүреді. Олар тек сол кейіпкердің ролін ғана алып шығады. Ал, мультфильм өздерің көріп отырғандай кеңседе жасалады. Уақытта шектеу жоқ, ой, қиял еркіндігін жүзеге асыру мүмкіндігі мол. Шығармашылық қабілетінді, бар идеянды қысқа ғана уақытқа сыйғыза аласың. Бұл – жоғарыда айтқанымдай уақытпен санаспайтын еңбек. Нәтижесін балалар көріп, әсер алып, жақсы мен жамандықты ажыратып, танымдық пайымын, жан-жақты ойлау қабілетін жетілдіре түседі.

— **Режиссер мамандығын алу үшін қандай ЖОО тәмамдау қажет?**

— Елімізде режиссер дайындайтын бірқатар ЖОО бар. Алматыда Темірбек Жүргенов атындағы Ұлттық өнер Академиясы, «Тұран» университеті, Алматы Менеджмент Университеті (AlmaU), Астанада «Шабьт» университеттерінде режиссер мамандығы оқытылады.

— **Мультфильмді балалар әлеуметтік желі арқылы көргені дұрыс па?**

— Қазір біз цифрлық технологияларды кеңінен пайдаланудамыз. Адамдар біртіндеп цифрлық

сауаттылыққа үйреніп келеді, оның ішінде балалар да бар. Сол себепті, арнайы әлеуметтік желілер арқылы анимациялық мультфильмдерді көруге болады. Тек балалар үшін шектеулі уақыттан аспауы қажет.

— **Сіз көрген мультфильм мен бүгінгі мультфильмнің айырмашылықтары бар ма, атап өтсеңіз.**

— Бүгінгі анимациялық мультфильмдер жаңа технологиялардың жемісі. Өздерің келіп көріп отырғандай, осындай студияға мультфильмдер жасап шығаратын мамандар жиналады. Ой, идеямыз сценарий негізінде компьютер 3D формат арқылы орындалатынын өз қолдарыңмен әліппесін жасап көрдіңдер. Анимациялық мультфильмдер бала көңілінен шығу үшін оларға ұлттық тәрбие беретін тағлымды етіп шығау үшін замана талабына орай жасанды интеллект ЖИ көмегіне жүгінеміз. Бұрын



2D форматта мультфильм кейіпкерлерінің суреті қолмен салынатын, сонымен бірге қуыршақтар пайдаланылатын.

— **Балалық шақта кино түсіруге әуес болдыңыз ба?**

— Әр баланың арманы болады. Менің де арманым кино режиссері болу еді. Сол арманым орындалып, режиссерлік мамандық алдым. Кино режиссері ретінде шығармашылықпен айналысып келемін.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

— Ата-аналарыңа, ұстаздарыңа, ең алдымен сендерге рақмет! Еңбектерің еселенсін!



Сұхбаттасқан:
ОРАЗБЕК Айым, ЖҰМАБАЙ Темір,
 Алматы қаласы, №156 мектептің
 3 – сынып оқушылары,
Бастауыш сынып мұғалімі:
Саржанова Назгуль Даулетханқызы

Learning Study нәтижелері: МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ӨСУІ МЕН ОҚУШЫ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ӘЛЕУЕТІ

Аннотация:

Бұл мақалада Learning Study әдістемесінің заманауи білім беру жүйесіндегі маңызы мен оның нәтижелері талданады. Әдістің оқушылардың оқу жетістіктеріне, мұғалімдердің кәсіби дамуына және білім беру сапасына тигізетін әсері нақты мысалдар арқылы қарастырылады. Learning Study тәсілінің теориялық негіздері, қолдану жолдары мен тиімділігі сараланып, оны білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданудың перспективалары ұсынылады. Мақала педагогтер, білім саласындағы зерттеушілер мен әдіскер мамандарға арналған.

Білім беру жүйесі әлемдік деңгейде қарқынды өзгерістерге ұшырап жатқан тұста, оқыту әдістерін жетілдіру, оқушы білімін нақтылау және мұғалімнің кәсіби әлеуетін арттыру мәселелері күн тәртібінен түспейді. Осы тұрғыдан алғанда, Learning Study әдісі – оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи және ғылыми негізделген тәсіл. Бұл әдіс оқыту тәжірибесін бірлескен зерттеу арқылы жетілдіруді көздейді және “Variation Theory” (айырмашылықтар теориясы) негізінде оқушылардың оқу үдерісін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

LEARNING STUDY ӘДІСІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Learning Study – бұл бірнеше мұғалімнің бірлесіп жұмыс істеп, нақты бір оқу мазмұнын терең зерттеуі, оқушылардың түсіну деңгейін арттыру мақсатында сабақтарды қайта құрастырып, өткізуі және сол үдерісті рефлексиялау негізінде жетілдіруі. Бұл циклдык процесс келесі кезеңдерден тұрады:

1. Оқу мақсатын анықтау;
 2. Оқушылардың бастапқы түсінігін диагностикалау;
 3. Сабақты жоспарлау (Lesson Design);
 4. Сабақты өткізу және бақылау;
 5. Сабақты талдау, қайта жоспарлау және қайталау;
 6. Нәтижелерді жинақтап, қорытынды жасау.
- Learning Study нәтижелері

1. Оқушылардың оқу жетістіктері

Learning Study барысында оқушылардың:

- Оқу материалын терең түсіну деңгейі артады;
- Ұғымдарды ажырату және салыстыру дағдылары дамиды;
- Мәселені шешу және шығармашылық тұрғыда ойлау қабілеті жетіледі;
- Метатану (өз оқуын қадағалау) дағдылары қалыптасады.

2. Мұғалімнің кәсіби дамуы

- Мұғалімдер оқу мазмұнын терең талдауға үйренеді;
- Сабақты дәлелді жоспарлау дағдылары дамиды;
- Өріптестік қарым-қатынас және кәсіби рефлексия қалыптасады;
- Оқытудағы интуитивті шешімдер орнына зерттеуге негізделген педагогикалық шешімдер қабылдау артады.

3. Білім беру сапасына әсері

- Сабақ мазмұны мен құрылымы оқу мақсаттарына нақты сәйкестендіріледі;

- Бағалау критерийлері оқушының шынайы оқу жетістігін бейнелейді;

- Оқыту әдістемесі оқушылардың қажеттілігі мен ерекшелігіне бейімделеді;

- Мектеп мәдениетінде кәсіби диалог пен үздіксіз даму үрдісі орнығады.

Қорыта келгенде, Learning Study әдісі – оқыту процесін ғылыми тұрғыдан қайта қарап, сапалы білім беруді қамтамасыз ететін қуатты құрал. Бұл әдіс мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттырып қана қоймай, оқушылардың терең білім алуына мүмкіндік береді. Қазақстандағы педагогикалық тәжірибеде Learning Study кеңінен қолданылуы тиіс. Ол үшін білім беру ұйымдары мұғалімдерге зерттеу жүргізуге жағдай жасап, кәсіби қоғамдастықтар құруға қолдау көрсетуі қажет. Сонымен қатар, білім беруді басқару органдары бұл тәсілді әдістемелік құралдар мен оқыту бағдарламалары арқылы жүйелі түрде енгізуі қажет.

САПАРОВА Алтынай Сансызбаевна,
Алматы қаласы, Алмалы ауданы
«№15 гимназия» КММ қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.



Әдебиеттер тізімі

1. Marton, F., & Tsui, A. B. M. (2004). Classroom Discourse and the Space of Learning. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum Associates.
2. Pang, M. F., & Ling, L. M. (2012). Learning Study: Helping teachers to use theory, develop professionally and produce new knowledge to be shared. Instructional Science, 40(3), 589–606.
3. Lo, M. L. (2012). Variation theory and the improvement of teaching and learning. Göteborg Studies in Educational Sciences, 343.
4. Тимченко, С. А. (2020). Learning Study как инновационная форма повышения квалификации педагогов. Современные проблемы науки и образования, №6.
5. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ (2016). Lesson Study және Learning Study: оқыту тәжірибесін дамыту әдістері. Астана: NIS.

XXI ғасыр - технология мен ақпарат тасқынының дәуірі

**Заманауи білім беру: тұлғаны дамыту ма,
әлде стандартты қалыпқа салу ма?**

**Қазіргі қоғамда білім беру тек пәндік
білімді жетілдіру ғана емес, тұлғаны
қалыптастырудың, әлеуметтендірудің, өмірге
бейімдеудің негізгі тетігіне айналып отыр.
Дегенмен, бір маңызды сұрақ туындайды:
бүгінгі заманауи білім беру жүйесі шынымен
жеке тұлғаны дамытуға бағытталған ба, әлде
оқушыны бір стандартты қалыпқа салуға
тырысатын жүйеге айналып бара ма?**

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру саласында түрлі реформалар жүріп жатыр. Жаңартылған білім мазмұны енгізілді, критериялды бағалау жүйесі орнады, үш тілде білім беру, цифрлық технологияларды қолдану сынды бағыттар қолға алынды. Мұның барлығы - заманауи оқушыны әлемдік талаптарға сай тәрбиелеудің талпынысы. Бұл өзгеріс қазақ жастары үшін болашаққа сенімді қадам жасаудың алды болмақ. Алайда, кейбір тәжірибе көрсеткендей, кейде бұл реформалар тұлғаның тұлғалық сипатын дамытуға емес, белгілі бір “стандарттағы” адамды тәрбиелеуге бағытталып кетеді. Оқушының шығармашылық қабілеті мен сыни ойлауына емес, тест нәтижесі



мен баға көрсеткішіне мән берілетін сәттер аз емес. Мұндай жағдайда білім - ізденіс емес, міндетке, бағаға айналып, оқушының табиғи және рухани қызығушылығы бәсеңдейді. Демек, заманауи білім берудің басты мақсаттарының бірі тұлғаның өзін-өзі табуына жағдай жасауы керек.

Бүгінде әлемдік тәжірибе де осы бағытты ұстануда. Финляндия, Сингапур, Канада сияқты елдерде оқушылардың эмоциялық интеллектісі, ынтымақтастық дағдысы, жеке шешім қабылдау қабілеті басты назарда. Олар үшін білім – жарыс емес, өзін-өзі дамыту,өзі үшін оқу жолы.

Ал біздің білім жүйемізде бұл бағыт енді ғана қалыптасып келеді. Бір жағынан стандарт қажет - ол білім сапасын бақылап, барлық оқушыға тең мүмкіндік береді. Бірақ екінші жағынан, тым қатаң стандарттар шығармашылық еркіндікті тежейді. Сондықтан нағыз заманауи мектеп - теңдікке қол жеткізе алған мектеп: бір мезгілде стандартты ұстана отырып, тұлғалық дамуға да жол ашуы қажет.

Білім – қоғамның айнасы. Егер білім жүйесі еркін ойлайтын, жаңашыл, жауапкершілігі бар тұлға қалыптастырса, ол қоғам да дамиды. Ал егер білім тек тест пен балл жүйесіне байланып қалса, онда біз стандартты тұлғалар ұрпағын өсіреміз.

Сондықтан заманауи білім берудің басты ұстанымы -адамның жандүниесін түсіну, оның қабілетін ашу, өзіндік пікірін қалыптастыру болуы тиіс. Өйткені нағыз білім - тұлғаны қалыптастыратын емес, тұлғаны ашатын күш болуы керек.

**ШАЙДАРБЕКОВА Айғаным,
Алматы қаласы, Абай атындағы РММИ
11 «В» сынып оқушысы,**

**Жетекшісі: ТӨЛЕУЖАН Жансая Санатқызы.
Басты сурет:<https://farabi.university/>**





АБАЙЛЫҚ 13 ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫ ҚАМШЫНЫҢ 15 ТҮРІН ӨРЕДІ

Ұлттық колөнерге қызығушылығымен, бейімдігімен ерекшеленетін Әлихан Салихан қамшы өрудің 15 түрін меңгерген. Абай облысы Аягөз ауданындағы №5 мектептің 7-сынып оқушысы гаджеттер мен әлеуметтік желілерді емес, ата-баба өнерін серік еткен.

Ол қамшы өрудің күрделі техникасын өз бетімен үйреніп, бүгінде дойыр, тобылғы сапты, өрме, сегіз өрім, шынжыр баулы, сәндік, алақанды секілді бірнеше түрін өреді.

«Қамшы – жай ғана бұйым емес, бұл тарих және рух. Әр өрімді жасаған сайын ата-бабаларымыздың өмір салтын, батырлық болмысын көз алдыма елестетемін. Мақсатым – қамшы өру өнерін меңгеріп қана қоймай, замандастарыма үлгі болып, ұлттық мұраға құрметпен, қызығушылықты арттыру», – дейді жас шебер.

Әлихан қамшы өру ісіне бала кезінен қызығып, өз әкесінен үйренген. Ол қамшының шығу тарихына да қызығушылық танытып, зерттеу жүргізуде.

ОАМ Баспасөз қызметінен алынды

АСТАНАЛЫҚ ОҚУШЫ ЖОЛ ТАҢДАМАЙТЫН ЭЛЕКТРОНДЫ ВЕЛОСИПЕД ОЙЛАП ШЫҒАРДЫ



Астаналық UBES мектебінің 10-сынып оқушысы Нұрхат Әбді небәрі бір ай ішінде жол таңдамайтын үш дөңгелекті электронды велосипед жасап шығарды, деп хабарлайды Astana TV.

Елорда әкімдігінің ақпаратынша, Нұрхат ойлап шығарған велосипед жылдың төрт мезгілінде де кез келген жолда еркін жүре алады. Үш дөңгелекті дизайн тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Бұл велосипедтің ерекшелігі – электронды жүйемен жұмыс істеуі және бір қуаттаумен 17 шақырымға дейін жүре алуы. Максималды жылдамдығы – сағатына 33 шақырым.

Өнертапқыш оқушының айтуынша, бұл құрылғыны күнделікті өзі де қолданып жүр. Сонымен қатар, Нұрхат мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де бұл көлік өте қолайлы болатынын атап өтті. Себебі үш дөңгелекті құрылым тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді, ал электронды қозғалтқыш жүруді жеңілдетеді.

Нұрхат бала күнінен техника мен электроникаға қызығушылық танытып келеді. Бұл жоба оның ғылым мен техникаға деген сүйіспеншілігінің нәтижесі. Мектеп ұстаздары мен сыныптастары Нұрхаттың бұл бастамасын мақтан тұтады және оның өнертабысы болашақта өндірістік деңгейге шығарылуы мүмкін деп сенеді.

Фото: Астана әкімдігі

Өмір сүру – жай ғана тіркес емес

Өмір сүру... Бұл тіркес алғаш естігенде қарапайым көрінгенімен, мағынасы тереңде жатыр.

Өмір - адамға берілген ең ұлы мүмкіндік, ең үлкен аманат. «Сүру» деген сөздің өзі тек тыныстап жүруді емес, сезінуді, түйсінуді, шынайы өмірді білдіреді. Адам дүниеге келген сәттен бастап дамыл таппай, алға ұмтылады. Неліктен? Себебі өмір бізге тек өту үшін емес, сүру үшін берілген. Ендеше, сүрейік те! Адамның өмірі басталған сәттен-ақ бәрі белгілі бір жүйеге түседі: мектеп, оқу, жұмыс, отбасы.

Мектепте оқисың, жарысасың, үздік болуға тырысасың. Кейін ҰБТ-ға дайындалып, түн ұйқыңды төрт бөле жүріп оқисың. Университетке түсіп, жаңа өмір бастайсың. Бірақ сценарий өзгермейді – тағы да оқу, тағы да жарыс, тағы да жетістікке ұмтылу. Кейін жұмысқа орналасып, еңбек жолыңды бастайсың. Жоғары көтерілесің, бірақ бір сәт өз-өзіңнен сұрайсың: «Мен шын өмір сүріп жүрмін бе, әлде жай ғана жоспарды орындап келем бе?» Бұл сұрақ көп адамға таныс.



Өйткені біз көбіне қоғам қалыптастырған «дұрыс өмір» моделіне бағынамыз.


Бала кезден-ақ құлағымызға сіңірілген сөздер: «Бірінші бол, өлмейтін мамандық таңда, жақсы жар тап, бала-шағанды асыра, өмір бойы еңбек ет». Бірақ өмір тек осы міндеттерден тұрмайды. Өмір – сезіну мен таңдау еркіндігі. Өмірді сезіммен, мақсатпен, қуанышпен сүруге болады. Өзіңе ұнайтын мамандық таңда. Достарыңмен күліп, отбасыңды бағала. Қателесуден қорықпа – ол да өмірдің бір бөлігі. 11-сыныптағы ең қызық, ең шынайы сәттерді босқа жіберіп алма. Әрбір күннен ләззат алуға тырыс. Грант жоқ па? Бұйырғаны. ХХІ ғасырда мүмкіндік көп. Міне, нағыз өмір сүру деген – осы. Өмірдің қиындығы ешқашан бітпейді. Күндер мен айлар қайталана береді, бірақ уақыт ешқашан кері айналмайды. 2025 жыл қайта келмейді. Уақыт – өзен, ол тоқтамайды. Біз сол өзеннің бойымен жүзіп барамыз. Сондықтан тұлпардың шабысындай, өзеннің ағысындай зымырап жатқан ғұмырды босқа өткізбеу керек деп есептеймін. Өмір – жарыс емес, сапар. Сол сапарда сүріну де бар, күлу де бар, жылау да бар. Бірақ ең бастысы – сезіну бар. Өмірді жақсы сүрейік, ағайын. Өйткені ертең бәрі өзгеруі мүмкін, ал бүгін – қайталанбас.

АХМЕТЖАН Балнұр,

Абай ұлттық мектебінің 11- сынып оқушысы.

Жетекшісі: Төлеужан Жансая Санатқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Сурет: <https://massaget.kz/>



АДАМ «ЖҰТАТЫН» АРАЛ: ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ БАРСАКЕЛМЕС ТУРАЛЫ

Қазақ жерінің орталығында, Арал теңізінің қақ ортасында орналасқан Барсакелмес аралы – тарих, экология және мифология тоғысқан бірегей мекен.

«Барсаң, келмейсің» деген мағына беретін атауымен танымал бұл арал ғасырлар бойы аңыздар мен құпия әңгімелердің орталығы болып келеді. Халық арасында «адам жұтатын» тұман, уақыт аномалиялары және ғарыштық байланыстар туралы әңгімелер тараған. Осы мақалада Барсакелмес аралының тарихына, экологиялық маңызына, геологиялық ерекшеліктеріне және мистикалық аңыздарына саяхат жасап, оның құпияларына үңілеміз.

АРАЛДЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҚОРЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Барсакелмес аралын алғаш рет XIX ғасырдың 50-жылдары орыс географы Алексей Бутаков ғылыми тұрғыда зерттеді. Ол Арал теңізінің картасын жасап, аралдың ерекше табиғатын атап өтті. Бутаковтың зерттеулері аралдың сирек кездесетін флора мен фаунасына назар аударды, бұл кейіннен қорық құруға негіз болды. 1930 жылдары Кеңес үкіметі мұнда сирек жануарлар мен өсімдіктерді сақтау мақсатында қорық құруды ұйғарды.

1939 жылы 10 желтоқсанда Барсакелмес ресми түрде қорық мәртебесін иеленді. Мұнда құлан (*Equus hemionus kulan*), жейран (*Gazella subgutturosa*) сияқты жануарлар мен бірегей өсімдіктер қорғауға алынды.

Алайда, аралдың экожүйесі тұщы су тапшылығына байланысты қиындықтарға тап болды. Жылдық жауын-шашын мөлшері небәрі 100-120 мм болғандықтан, жер асты сулары ащы (орташа тұзды) сипатта болды. Бұл мәселе қорықтың дамуына кедергі келтірді, бірақ соған қарамастан Барсакелмес Қазақстандағы тоғыз қорықтың ішіндегі ең ерекшесі болып саналады.

Аралдың бір кездегі аумағы 200-300 км² болғанымен, Арал теңізінің тартылуына байланысты 2000-жылдардың басында құрлықпен бірігіп, арал мәртебесінен айырылды. Қазір қорық аумағы (163 126 га, оның ішінде 50 884 га Барсакелмес учаскесі) Рамсар конвенциясына енгізілген «Дельта» учаскесі (330 га сулы-батпақты жер) ретінде қорғалады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТ ЖӘНЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ АРАЛЫ

Арал теңізінің тартылуы – XX ғасырдағы ең ірі экологиялық апаттардың бірі. 1960-жылдардан бастап теңіз суының азаюы Барсакелмес





құпия эксперименттердің нысаны болғанын айтады. Алайда бұған нақты дәлелдер жоқ.

АДАМ «ЖҰТАТЫН» АРАЛ ЖӘНЕ МИСТИКАЛЫҚ АҢЫЗДАР

Барсакелмес аралының атауы – «Барсаң, келмейсің» – халық арасындағы оның қауіпті әрі құпия екеніне деген сенімдерден шыққан. Аралдың оқшау орналасуы, қатал табиғи жағдайлары және Арал теңізінің экологиялық апаты оны мистикалық әңгімелердің орталығына айналдырды.

Сондай ең танымал аңыздардың бірі – «адам жұтатын» арал туралы хикая. Ежелден айтылып келе жатқан бір әңгімеде жауынан қашқан тайпа аралға бас сауғалайды. Ақсақалдың табиғатқа зиян келтірмеу туралы ескертуіне қарамастан, олар ағаштарды кесіп, жануарларын өлтіре бастайды. Осыдан кейін ордалы жылан пайда болып, бәрін жұтып қояды. Әрине, мұндай аңыздардың қазақ мәдениетіндегі табиғатпен үйлесімде өмір сүру идеясын және оны бұзғандардың үлкен зауалға ұшырайтыны туралы сенімнен туғаны белгілі.

Сол секілді тағы бір аңызда аралдағы құпияға толы аппақ тұманына қатысты. Аралға табан тіреген кейбір балықшылар мен саяхатшылар кенет пайда болған қалың тұманға тап болып, із-түзсіз жоғалып кетіп жатады-мыс. Қалғандары оларды іздегенімен, ешқандай із таппаған. Бұл оқиғалар Арал теңізінің тұзды суынан және құмды дауылдарынан туатын қалың тұманмен байланысты болуы мүмкін. Тұман бағдарсыздық пен психологиялық әсер тудырып, «үз-түзсіз жоғалулар» туралы әңгімелердің тууына алып келген болуы да бек мүмкін.

аралының экожүйесін күрт өзгертті. Тұщы су көздері жоғалып, жануарлардың өмір сүруі қиындады. 1982-1991 жылдар аралығында 260-тан астам құлан Алтай және Бетпақдала сияқты басқа қорықтарға көшірілді. Теңіздің құрғауы аралды тұзды тақырға айналдырып, биоалуантүрлілікті сақтауды қиындатты.

Барсакелместен 60 шақырым қашықтықта орналасқан Возрождение аралында Кеңес Одағы 1948-1992 жылдар аралығында құпия биологиялық қару зертханасын ұстады. Бұл жерде «Биопрепарат» бағдарламасы аясында сібір жарасы (антракс), оба сияқты неше түрлі қауіпті патогендер сынақтан өтті. Расы керек, бұл сынақтар Арал теңізі маңындағы экологияға және жергілікті халыққа үлкен зиян әкелді. Возрождение аралындағы мұндай құпия жобалар Барсакелмес аралына қатысты түрлі мистикалық аңыздардың тіптен өршуіне алып келді.

Дегенмен, көптеген зерттеушілер Барсакелмес аралының расында ғылымға сыймайтын түрлі



УАҚЫТ АНОМАЛИЯЛАРЫ

Барсакелмес аралын «Қазақ Бермуд ұштағаны» деп атауға себеп болған ең таңғаларлық әңгімелер – уақыт аномалиялары. Көптеген деректерде 1930 жылы аралға топографиялық экспедиция жіберілгені айтылады. Алайда аралға барған экспедиция құрамы үш ай бойы хабарсыз кетеді. Олар оралғанда, бар болғаны үш күн ғана жүргендерін айтқан.

Сол сияқты, бір топ саяхатшы ақ тұманда жарты сағатқа жетпейтін уақыт болғанына сенсе де, шын мәнінде бір жарым күн өткен.

Бұл құбылыстарды кейбір зерттеушілер аралдағы магниттік аномалиялармен, геологиялық ерекшеліктермен немесе түрлі психологиялық факторлармен түсіндіреді.

Аралдың магниттік өрістері навигациялық құралдарға кедергі келтіріп, уақыт пен бағдарды қабылдауды бұрмалауы мүмкін. Дегенмен, мұндай құбылыстардың ғылыми дәлелі әзірге жоқ.

ӘБДІРАЗАҚ ЕСІМДІ ҚАЗАҚТЫҢ ҒАРЫШПЕН БАЙЛАНЫСЫ

Барсакелмес аралының ең жұмбақ аңыздарының бірі – Әбдіразақ есімді қария туралы хикая.

XX ғасырдың ортасында ол аралдың ортасына тігілген киіз үйде тұрып, аспаннан түскен жұмбақ зат арқылы ғарышпен байланысқан делінеді. Бұл зат арқылы ол болашақ жайлы болжамдар алып, соның бірі – «адам баласы жақын арада аспанды бағындырады» деген сөзі. Расында да араға бір жыл салмай, 1961 жылы Юрий Гагарин Байқоңыр ғарыш айлағынан ғарышқа ұшыпты делінеді.

Ең қызығы, кеңес ғалымдары мен әскерилері Әбдіразақтың жұмбақ затын зерттеуге тырысқанымен, еш нәтижеге жетпеген. Аңызда тікұшақтардың моторы істен шығып, ауыр танктер мен байланған иттер тұманда жоғалып кеткені айтылады.

Бұл оқиғалар да сол аралдың магниттік



өрістерінің ерекшелігімен немесе қатал табиғи жағдайларымен (тұзды орта, құмды дауылдар) байланысты болуы ықтимал.

Оның үстіне 1950-60 жылдары КСРО-да НЛО және паранормалды құбылыстарға деген қызығушылықтың өршуі де осы аңыздың тууына себеп болғаны даусыз.

Немесе Әбдіразақ образы көшпелі қазақтың қиялынан туған дүние болуы да мүмкін. Аңыздағы ақсақалдың вагон немесе будка емес киіз үйде тұруы да көріпкелдік дәстүрі (бақсылық) мен көшпелі мәдениетінен көрініс береді.

ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫ МЕН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР

Барсакелмес аралы Тұран ойпатының бөлігінде орналасқандықтан, жер асты суларына бай аймаққа жатады. Қазақстанның жер асты су қорының 70%-дан астамы оңтүстік және батыс аймақтарда, соның ішінде Арал маңында шоғырланған. Барланған қорлар 261 кен орнын және 71 телімді қамтиды, жылдық пайдалану көлемі шамамен 11 млн м³ (тұщы және аз тұзды сулар). Алайда, Барсакелмес аралында жер асты сулары ішуге жарамайды. Яғни тұщы су тапшылығы қорықтың басты мәселесі болып келеді. Арал теңізінің тұздануы мен жауын-шашынның аздығы (100-120 мм/жыл) су ресурстарын ішуге жарамсыз етті.

Пайдалы қазбаларға келсек, аралдың геологиясы (қабатты-денудациялық жазық, биіктігі 60 м-ге дейін) ірі кен орындарына қолайсыз. Тек натрий-хлоридті және сульфатты тұздар (сортаң топырақтар) кездеседі, бірақ қорық мәртебесіне байланысты өндіріс жүргізілмейді.

Металдар (мыс, алтын, темір) немесе мұнай-газ қорлары туралы деректер жоқ. Аралдың құмды аймақтары мен тұз қабаттары экологиялық апаттың салдары ретінде ғана ерекшеленеді.

АРАЛДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Арал теңізінің тартылуына байланысты Барсакелмес аралы физикалық түрде жойылып, құрлықтың бөлшегіне айналды. Бүгінде аралды тұзды шөл мен сортаң топырақ басып жатыр. Дегенмен, аралдың өзіне тән аңыздары мен тарихы халық жадында сақталып, зерттеушілер мен әуесқойлардың қызығушылығын тудырып келеді.

Яғни экологиялық жағдайына қарамастан Барсакелмес қазақ мәдениетінде ерекше орын алатын жердің бірі. Ол туралы аңыздар ауыз

әдебиетінде, әңгімелер мен шығармаларда ежелден бері келе жатыр.

Аралдың құпиялығы мен осындай түрлі аңыз-әңгімелер оны туристік және зерттеу нысанына айналдыруға мүмкіндік беретіні даусыз. Алайда дәлі қазіргі таңдағы экологиялық мәселелер бұған кедергі келтіріп отыр. Аралдың аңыздары кейде әлемдік поп-мәдениетке де әсер етіп жатады. Мәселен, Барсакелмес атауы әлемдік деңгейдегі «жоғалған әлем» немесе «аномалды аймақ» ретінде фантастикалық шығармаларда айтылып қалып жатады.

Барсакелмес аралының құпиялары әлі толық ашылған жоқ. Болашақта теологиялық және археологиялық зерттеулер жасалып, аралдың уақыт аномалиялары мен магниттік өрістер туралы мифтердің сыры ашылары сөзсіз.

Қуантарлығы, қазіргі таңда Арал теңізін қалпына келтіру жобалары, мысалы, Солтүстік Аралды сақтау бастамалары, аралдың экожүйесін ішінара қайтаруға үлес қосып отыр.

Сонымен қатар, Әбдіразақ сияқты аңыздар мен түрлі фольклорлық элементтер шетелдік зерттеушілердің қазақ мәдениетінің байлығын зерттеуге жол ашуы мүмкін. Аралдың геологиялық құрылымын тереңірек зерттеу магниттік аномалиялар мен техниканың істен шығуы туралы фантастикалық шығармалар мен кинотуындылар да жарыққа шыға бастар болашақта.

Қысқасы, Барсакелмес аралы – тарих, экология және мифология тоғысқан бірегей мекен. Оның қорық ретіндегі маңызы, Арал теңізінің экологиялық апаты, Возрождение аралындағы биологиялық сынақтар және Әбдіразақтың ғарыштық болжамдары оны тарихи тұрғыдан маңызды етеді. «Адам жұтатын» тұман, уақыт аномалиялары және НЛО әңгімелері аралдың мистикалық беделін арттырады. Арал теңізінің тартылуымен физикалық түрде жойылғанымен, Барсакелмес қазақ мәдениетіндегі және халық жадындағы орны мәңгі сақталады. Бұл – шынайылық пен аңыздың шекарасындағы жұмбақ әлем, оның құпиялары әлі де зерттеушілерді, әуесқойларды және мәдениеттанушыларды әлі де баурап ала бермек.

Бүркіт НҰРАСЫЛ,
<https://e-history.kz/>

Редакциядан:
мақала қысқартылып, жарияланды.

ГҮЛДЕР ТУРАЛЫ СІЗ БІЛМЕЙТІН МӘЛІМЕТ

Флористердің айтуынша, гүл шоқтарын дұрыс тандаумен қатар, олардың түсін дұрыс тандай білуде де бірнеше ережелер бар.

Қандай түсті гүл сыйлаймыз?

1. Қызғылт (розовый) түсті гүлдер адамдардың жақсы қарым - қатынаста екенін білдіреді. Сонымен бірге қызғылт түсті универсалды түс деп есептеуге болады: оны ер адамға да әйел адамға да, үлкен-кішіге де және әріптестеріңіз бен бастығыңыз да сыйлауға болады.

2. Сары түс – табысқа жету мен күндей жарқырауды білдіреді, бұл түстегі гүл шоқтары шығармашылық адамдарына тамаша сый болады.

3. Қызыл түс – шексіз махаббаттың символы, сондықтан қызыл түсті гүл шоқтарын сүйіктіңізге және ең жақын адамыңызға тарту етуге болады.

4. Қанық қызыл (темно - красный)– күрең қызыл (бордовый) түстері құмарлықты білдіреді. Мұндай түсті гүл тандағанда мұқият болыңыз, кімге сыйлайтыныңызға сенімді болыңыз.

ГҮЛДЕР – АДАМ ОЙЫН, СЕЗІМІН БІЛДІРУ НЫШАНЫ

Гүл сыйлап жатқанда ескеріңіз, шын жүрегіңізбен тандаған гүліңіз ұзақ уақыт солмай тұрады екен. Сонымен қатар, гүл шоғына қарап - гүлді сыйға тартқан жанның ойын яғни не айтқысы келгенін ұғуға болатын құпия болады екен.

Раушан гүл шоқтары өте әдемі көрінеді, сондықтан осы гүлді сыйға тартушылар көп. Раушан (роза) гүлдері барлық қыз - келіншектерге ұнайды, бірақ ескеретін жай гүлдің түсіне мән беру керек. Мысалы, сарғылт (желто - оранжевая) түсті раушан – ғашықтық пен жан құмарлығын және құштарлықты білдіреді; қызыл раушан – шынайы махаббат пен құрмет көсетуді білдіреді; қызыл - сары (красно - желтая) раушан – құттықтауы үшін ғана пайдаланылады; шабдалы түстес (персиковая) раушан – ғашықтардың жақын болуын және қайта қауышуды білдіреді; қызғылт (розовая) – нәзіктік және шынайы сезімді білдіреді; ашық қызғылт (светло - розовая) – қуаныш, ризашылық білдіру, жаңа танысқан жанға сыйлауға болады. қою қызғылт (темно - розовая), алғыс білдіруді білдіреді; ақ түсті раушан – үйлену тойының гүл шоғыры үшін тамаша болмақ. Раушан гүл шоғы әрқашан тамаша көрінеді, сондай-ақ маңызды болып табылады, басқа гүлдерге қарағанда бұл гүлдер жиі сыйға тартылады.

Меруерт гүл (Анютины глазки) – қалаған адамыңыздың үнемі ойында екеніңізді білдіреді. Ақ дәстүргүл (белые маргаритки) – кінәсіз, пәктіктің

нышаны. Ірі сары нәркес (желтые нарцисс) «сен үшін мен бәріне дайынмын» деген ұғымды білдіреді. Ақ сүмбіл (белый гиацинт) – сүйкімділік пен нәзіктікке қатысты. Ақгүл (жасмин) – тартымдылық пен мейірімділікті білдіреді. Сары бақытгүл (желтые хризантема) және таушымылдық (пион) гүлін кешірім сұрап кезде сыйлайды.

Сары қалампыр (гвоздика) – шын жүректен өкіну нышаны

Сары жыланқияқ (желтые ирис) – ынтық болу.


Қызыл қызғалдақ – махаббатын мойындауды білдіреді.

Лалагүлді (лилия) әдетте тәкәппар, айбарлы ханымдарға сыйлайды.

Бір ескеретін жай, лалагүлдің қош иісінің аллергия туғызатын әсері бар, сондықтан мұқият болған жөн. Бірбеткей ханымдар үшін магнолия гүлін сыйлауға да болады. Бәйшешек (подснежник) – інжугүл (ландыш) – болашаққа сеніммен қарауды білдіреді. Ақ түймедағы (белая ромашка) – жастық, пәктік, қиялшылықты білдіреді. Көк шегіргүл (синие фиалки) – сыпайылық, қарапайымдылықты білдіреді. Қызғылт қалампыр (розовая гвоздика) және қызыл бақытгүл (красные хризантема) – махаббатты мойындауды білдіреді.

<https://bilimdiler.kz/>





**Ученик школы-лицея
№1 Никита Белашов и
учитель физики Дмитрий
Александрович Судоргин
создали материал
«Старлайт», способный
противостоять пагубному
воздействию огня.**

@nashkostanay

«Старлайт» – материал, выдерживающий колоссальные температуры, может найти применение во многих сферах жизни человека.

– Огонь – разрушительная стихия, способная унести множество жизней. «Старлайт» может помочь в решении этой проблемы. Если создать пластины из этого материала и обшить ими форму и технику пожарных, это уменьшит риски смерти и получения ожогов и выхода из строя техники от перегрева, – говорит Никита.

В ходе исследования с составом проведено множество испытаний. Пластина толщиной в полсантиметра способна выдерживать прямую струю огня температурой 1000°C и поддерживать в таких условиях приемлемую для жизни температуру с обратной стороны в течение двух минут.

– Исследования в этой области имеют большое

перспективы и возможности применения в жизни человека. Мы не остановимся на достигнутом и будем продолжать совершенствовать материал!

Никита со своей работой занял 2 место на республиканском конкурсе научных проектов, а также успешно выступил на 1 молодежном форуме юных исследователей в Национальной Академии Наук Казахстана. После этого «Старлайтом» заинтересовались исследователи из других областей и уже применяют материал как теплоизолятор в своих проектах.

**Фото предоставлено пресс-службой
управления образования**



В Астане состоялось торжественное завершение первого в стране научного эксперимента по подготовке женского космического экипажа “SANA-1”. Проект реализован при поддержке Исследовательской группы по тренировке астронавтов, КБТУ, АО “Национальный центр космических исследований и технологий” (НЦКИТ), Аэрокосмического Комитета при Министерстве искусственного интеллекта и цифрового развития РК, АО «НК «Қазақстан Ғарыш Сапары».

В Казахстане завершен первый эксперимент с участием женского космического экипажа “SANA-1”

Особенностью миссии стало участие женщин-инженеров и исследовательниц. Это подчеркивает вклад Казахстана в развитие гендерного равенства в науке и технологиях: сегодня лишь около 12,5% космонавтов в мире - женщины. Результаты эксперимента имеют важное значение для изучения эмоциональной регуляции, когнитивной гибкости и стрессоустойчивости в условиях изоляции.

Стоит отметить, что проведение эксперимента совпало с Всемирной неделей космоса, которая ежегодно отмечается с 4 по 10 октября. В 2025 году ее тема звучит как «Living in Space» (Жизнь в космосе), что подчёркивает стремление человечества к освоению космоса как среды обитания.

По словам научного руководителя проекта Алины Гуторевой, цель SANA-1 – это было исследование когнитивной, физиологической и эмоциональной адаптации человека в замкнутом пространстве. Экипаж прошёл медицинские, физиологические и психологические тесты (ЭКГ, анализы, COVID-тест), выполнял когнитивные и поведенческие эксперименты и проводил физиологические измерения, а также оценивал инженерные системы капсулы. В эксперименте изучалась способность инженеров-испытателей сохранять устойчивость и эффективное взаимодействие даже при стрессовых факторах изоляции, монотонности и структурированного режима.

Полученные данные станут основой для национальной программы подготовки космонавтов и разработки систем мониторинга психофизиологического состояния в изоляции. Они будут использованы при создании методик тренировки стрессоустойчивости, проектировании капсул длительного пребывания в космосе (миссии на Луну и Марс) и представлении научных результатов на международных конференциях, форумах, включая Space Days Kazakhstan и COPUOS, а также в научных статьях.

Особый символизм дате 10 октября придает тот факт,

что именно в этот день 34 года назад завершил свою космическую миссию первый космонавт независимого Казахстана, Народный герой, генерал-майор ВВС РК Тохтар Аубакиров. В ходе мероприятия он поделился опытом пребывания в космосе, отметив значение психологической устойчивости, командной работы и веры в собственные силы для успешного выполнения миссий. Его выступление стало напоминанием о преемственности поколений и непрерывном развитии отечественной космонавтики.

В завершение церемонии участницам эксперимента “SANA-1” один из организаторов эксперимента, председатель правления “НЦКИТ” Джаникеев Марат, вручил команде инженеров-испытателей дипломы за успешное прохождение программы. Этот момент стал признанием их вклада в развитие казахстанской науки и примером профессиональной подготовки будущих исследователей.

Команда “SANA-1” продемонстрировала, что женское лидерство, эмпатия и поддерживающее взаимодействие становятся критически важными ресурсами устойчивости экипажа в условиях изоляции. Эти результаты открывают путь к разработке новых стратегий подготовки космонавтов, профилактики эмоционального стресса и систем психологической поддержки будущих экипажей, включая программы активного участия женщин в длительных миссиях.

Кроме того, проект вносит значимый вклад в развитие науки, образования и общества, формируя новые подходы к исследованию человеческой психологии, адаптации и когнитивной устойчивости в экстремальных условиях. Он также способствует популяризации STEM-направлений среди женщин и укреплению культуры междисциплинарного научного сотрудничества.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/maidd/press/news/details/1084454>



Уникальный рекорд Гиннеса подчеркнул богатство культурного наследия Казахстана

Караван из тысячи одногорбых верблюдов, прошедший один километр в селе Акши Куртинского сельского округа Илийского района 20 сентября, официально вошёл в Книгу рекордов Гиннеса как самый большой в мире, передает DKNews.kz.

Сертификат о мировом достижении вручил представитель Книги рекордов Гиннеса Ричард-Уильям Стэннинг, отметив уникальность казахстанского рекорда:

«Это особенный случай. В других странах обычно собирают животных от разных владельцев - у одного человека, например, четыре верблюда, у другого два. А здесь весь караван принадлежит одному хозяину — это делает рекорд по-настоящему уникальным. Казахстан произвёл на меня огромное впечатление, и теперь я хочу вернуться сюда не только по работе, но и как турист».

Аким Алматинской области Марат Султангазиев подчеркнул, что признание мирового рекорда – важное событие не только для региона, но и для всей страны:

«Подтверждение рекорда — это признание нашего культурного наследия и национального духа. Караван из тысячи верблюдов объединил людей и стал символом уважения к традициям казахского народа»

Директор ТОО «Даулет-Бекет» Сыдык Даулетов, инициатор и владелец каравана, рассказал, что подготовка к проекту заняла около полугода:

«Верблюды привыкли к свободе, собрать их вместе было непросто. Но мы доказали, что даже невозможное реально, если есть цель и вера. В будущем планируем провести фестиваль шубата - людям не хватает таких событий, где оживают наши традиции».

<https://dknews.kz/ru/dk-life/372109-unikalnyy-rekord-ginnessa-podcherknul-bogatstvo>



Легенда об Иссык-Куле

(Киргизская сказка)

Давно, так давно, что люди и забыли, когда это было, существовал древний город. Над ним, на вершине крутой горы, стоял замок. Глубокие пропасти и мрачные ущелья окружали его со всех сторон. Принадлежал замок могущественному хану. Славился хан богатством, но еще больше - жестокостью. Не проходило дня, чтобы кто-нибудь из его подданных не сделался жертвой жестокосердного хана, не был брошен в подземелье.

Несмотря на старость, хан был и сластолюбив.

Однажды до него дошёл слух, что в бедной семье одного кочевника есть девушка несказанной красоты. Хай решил овладеть красавицей. Девушка жила в маленьком аиле, приютившемся у подножья гор, на берегу ручья. Много славных джигитов пытались завоевать сердце красавицы, но она ни на кого не обращала внимания и на предложения о женитьбе знатных, самых смелых джигитов отвечала, что любит другого. Кого любила девушка, никто не мог узнать, да и сама она не знала. Помнила она только, что в одно раннее утро, когда солнце озарило светом вершины гор, явился пред ней на белом коне красавец джигит, схватил ее и вместе с нею взвился высоко-высоко. Помнила, как с быстротой вихря мчались они вдвоем в недостижимой вышине, потом остановились на горной вершине, покрытой вечным снегом, как он крепко обнимал ее, целовал, а расставаясь, снял с руки кольцо и, надев ей на палец, сказал:

— Я скоро вернусь! Кольцо никогда не снимай и, пока оно у тебя, никакое несчастье тебя не коснется! С тех пор прошло много дней, но красавец-джигит все не возвращался.

Когда посланники хана явились к ней с богатыми дарами и предложением выйти за него замуж, она с негодованием отвергла подарки и воскликнула:

— Я люблю другого и ничьей женой, кроме своего возлюбленного, не буду!

Сказав это, девушка незаметно ушла в горы в

надежде снова встретить дивного всадника и найти у него защиту. Но тщетно она звала любимого, лишь эхо вторило ее зову. И тут только девушка заметила, что перстень исчез с ее руки: она заплакала и решила возвратиться домой. Не успела она дойти до дома, как ее окружили вооруженные всадники, схватили и умчали в мрачное ущелье. Когда ее освободили и сняли повязку с глаз, она увидела себя среди сказочного великолепия и поняла, что находится во власти хана в его проклятом замке, откуда убежать невозможно. Девушка решила, что лучше умереть, чем стать женой хана. Ее красота и молодость поразили старого хана. Он окружил пленницу неслыханной роскошью. Но никакие дары не могли поколебать ее упроста.



— Я люблю другого и твоей никогда не буду! - был ее постоянный ответ. Наконец жестокость снова проснулась в хане, и он решил силой взять то, чего бесплодно добивался подарками. Он снова пришел к девушке, обещал за любовь все, даже свободу.

— Я люблю другого! - был прежний ответ. Как разъяренный зверь, бросился хан на девушку, но она быстро оказалась у открытого окна.

— Нет, хан, я не буду твоей! - И с громким проклятием девушка бросилась вниз. В тот же миг дрогнули неприступные стены, рухнули гранитные своды, провалился мрачный замок старого хана и из всех ущелий хлынула вода. Уже скрылись под водой развалины ханского замка, а вода все прибывала и прибывала, пока не затопила большую долину. На месте зловещего ханского замка, среди голых и темных утесов, заиграло голубое, как небо, чистое, как хрусталь, и горячее, как девичье сердце, горное озеро, которое люди называли Иссык-Куль.

Под серебристою поверхностью озера, в тихие

летние вечера, когда солнце садится в горах, до сих пор видны остатки сказочного замка и оттуда доносится жалобное пение девушки.

Семеро сыновей

В давние времена жила женщина, у которой было семеро сыновей. Однажды она созвала их и велела рассказать, что каждый умеет делать.

Сыновья встали в ряд по возрасту. Первым стоял старший сын, он и начал рассказывать о себе:

— Я - меткий стрелок. Если бы черная птица-великан летала так высоко в небе, что казалась бы воробьем, я все же убил бы ее одним выстрелом.

— А я могу найти след муравья, который прополз семь лет назад, - сказал второй сын.

Настала очередь третьего:

— По ладони я могу сказать, что происходит на том и на этом свете.

Четвертый сказал:

— Какой бы ни был голод, я могу добыть пищу для всех.

Пятый похвалился:

— В одно мгновение я могу сделать корабль и переплыть через реку или море.

Шестой заявил:

— А я могу бегать по воде с такой быстротой, что под ногами закружится пыль.

Наконец дошла очередь и до самого младшего:

— Если внезапно нападет на нас враг, по одному моему слову земля расступится и спрячет весь мой народ.

Мать очень обрадовалась, что сыновья ее такие умелые. Но братья поспорили между собой: чье умение лучше?

И мать посоветовала им отправиться в город к хану Болбосу и там проверить, чье умение лучше.

Так они и поступили.

В городе, когда они пришли туда, царило непонятное волнение. Всюду толпились люди, во все стороны, поднимая клубы пыли и крича беспорядочно, скакали всадники.

— Надо расспросить, что случилось, - решили братья. — Уж не враг ли подбирается к городу?

<https://skazkibasni.com/>,

фото из сайта: <https://lusika33.livejournal.com/39681.html>

OCTOBER HOLIDAYS IN KAZAKHSTAN

A MONTH OF WARMTH, RESPECT, AND INSPIRATION

October is a special month in Kazakhstan. Autumn is in full bloom, the leaves are turning golden, the air is getting cooler, and the calendar is filled with a variety



of important dates. It's a time when the country pays tribute to teachers, rescuers, forest rangers, librarians, and many other individuals whose work makes our lives better.

OCTOBER 25 IS THE DAY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The main event of the month.

On October 25, 1990, the Declaration of State



Sovereignty was adopted, marking the first step towards Kazakhstan's independence. Today, this day symbolizes the unity of the people, love for the Motherland, and pride in the country.

It's a day when the national anthem plays, flags are raised, and each of us feels like we're part of history.

OCTOBER 1 IS SENIOR CITIZENS DAY

From this day, October begins with respect and gratitude for the older generation. It is a holiday of wisdom and kindness, a day when it is important to simply say "thank you" to grandparents, veterans, and mentors for their life experiences and love.

OCTOBER 2 AND 5 ARE TEACHERS' DAYS

October 2 is the Day of Technical and Vocational Education, and October 5 is Teachers' Day.

These holidays remind us that teachers are the true heroes of everyday life. They open doors to the future, inspire us, support us, and believe in us even when we doubt ourselves.

On this day, don't forget to say "thank you" to your teacher - sometimes a kind word means more than a whole gift.

OCTOBER 6 - DAY OF DEFENSE INDUSTRY WORKERS

OCTOBER 19 - DAY OF THE RESCUER

These dates have one thing in common - courage. Defense industry workers create what protects our country.

And rescuers are the people who are the first to come to the rescue, risking their lives for others. Their profession is an example of bravery and dedication.





THE THIRD SUNDAY OF OCTOBER IS FOREST WORKERS' DAY

Autumn is the best time to remember about nature. Forest rangers and environmentalists preserve the green wealth of Kazakhstan, making sure that we



breathe clean air and can enjoy the beauty of our native forests.

THE LAST SUNDAY OF OCTOBER IS THE DAY OF ROAD AND TRANSPORT WORKERS

Roads connect cities and destinies. Thanks to the builders, drivers, and mechanics, we can travel, meet our loved ones, and move forward — literally and in life.

OCTOBER 24 IS THE DAY OF THE LIBRARIAN

Librarians are the guardians of knowledge and inspiration. They help us find the right books and discover new worlds. In the age of technology, this holiday reminds us that books can still change people.



SUMMARY

October is a month when the country remembers gratitude, knowledge, courage, and service to society. Every holiday reminds us that our strength lies in our people. In those who teach, save, create, preserve, and inspire.

Let October be a month of good deeds, smiles, and respect for those around us!



Prepared by: editorial team.

Pictures: <https://suret.pics/401-azan-dem-suretter>;
<https://kaz.zakon.kz/>; <https://egemen.kz/>;
<https://yandex.kz/>;
<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat>;
<https://kazgazeta.kz> retrieved.



«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы 2026 жылға журналдық электрондық нұсқасына жазылу бағасы:

Занды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36; 12 айға – 7236,72

Қала, ауыл-село бойынша: 6 айға – 3344,40; 12 айға – 6688,80

Байланыс ақпараты үшін: 87017309312

